

## ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕ ТРЕНДТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ МУЗЫКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Шамарова Гульсара Жангировна

[g.shamarova@mail.ru](mailto:g.shamarova@mail.ru)

7M01101-Психология және педагогика білім бағдарламасының Ікурс магистранты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымының докторы – Джанзакова Ш.И.

«Бүгінгі ғылым – ертеңгі технология»

Әд

вард Теллер Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп атады. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты рөл мектептегі ұстаздар қауымына жүктеледі.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу-деп атап көрсетілген [1,2].

Соңғы кезеңдерде заман талабына сай күнделікті сабақта компьютер, электрондық оқулықтарды, интер белсенді тақтаны қолдану оқушылардың сабаққа деген қызықушылықтарын арттыруда жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет желісі, электрондық пошта, телеконференция, ZOOM платформасы және On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Президентіміз Қ.К.Тоқсаев «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында интерактивті технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор [3]. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар әрбір оқушыға білім беруде шығармашылық қабілетін дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ оқушының өзіндік танымдық іс-әрекеттері дамып, өзіндік жұмыстарды тез орындауға мүмкіндіктері артады.

Ақпараттық технологияларды сабақта қолданудың тиімділігі көпқырлы әрі маңызды.

Олардың оқыту процесіне оң әсер ететін бірнеше аспектілері бар:

1. Оқыту әдістерінің әртүрлілігі: Ақпараттық технологиялар мұғалімге әртүрлі мультимедиялық құралдарды (видеолар, анимациялар, интерактивті тапсырмалар) қолдануға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың назарын аударып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады.
2. Оқушылардың белсенділігін арттыру: Компьютерлер, планшеттер, смартфондар және интерактивті тақталар сияқты құрылғыларды пайдалану оқушылардың сабаққа белсенді түрде қатысуға ынталандырады. Олар тек тыңдаушы емес, өз бетінше зерттеу жүргізіп, жаңа ақпаратпен жұмыс істейді.
3. Тез әрі тиімді ақпарат беру: Ақпараттық технологиялар оқушыларға интернет

пен арнайы бағдарламалық құралдарды пайдалану арқылы әлемдегі кез келген ақпаратқа қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Бұл олардың білім алу процесін жеңілдетіп, уақыты мен күшін үнемдейді.

4. Оқытуды жеке даралау: Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі деңгейдегі тапсырмалар мен материалдар ұсынуға болады. Сонымен қатар, қабілеттеріне қарай қосымша ресурстар мен жаттығулар арқылы оқушының білімін тереңдетуге мүмкіндік береді.

4. Қашықтан оқыту мүмкіндіктері: Ақпараттық технологиялар қашықтан оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл әсіресе пандемия жағдайында өте тиімді болды. Видеоконференциялар, онлайн сабақтар мен виртуалды оқыту платформалары арқылы оқушыларға кез келген уақытта және кез келген жерде білім алу мүмкіндігі береді.

5. Жалпы даму дағдыларын қалыптастыру: Ақпараттық технологияларды қолдану оқушыларға ақпаратты өңдеу, талдау, сыни ойлау, командада жұмыс істеуге және компьютерлік сауаттылықты арттыру дағдыларын дамытуға көмектеседі.

6. Табиғи қызығушылықты ояту: Технологиялар жаңа және қызықты тәсілдер арқылы оқытуға мүмкіндік береді, бұл оқушылардың ғылым мен білімге деген қызығушылығын арттырады.

Осылайша, ақпараттық технологияларды сабақта қолдану оқытудың сапасын арттырып, оқушылардың білімін тереңдетеді, сондай-ақ олардың бойында маңызды дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Педагогикалық білім берудің қоғамдағы заманауи трендтеріне басты назар аудару, білім беру мазмұнын жаңарту міндеттеріне ықпал ететін жетекші халықаралық инновациялық технологияларды музыка сабағында пайдалануға мүмкіндік береді.

Педагогикалық тәжірибеде ұстаздардың әлеуметтік желідегі түрлі платформаларды білуі жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде оқудың ақпараттық технологиялық жағын аша білу және біліктілігін арттырады. Балалардың музыкалық қабілеттерін ерте жастан айқындау әрі жүйелі дамыту, шығармашылық – педагогикалық жағдайлар жасалып келеді [3].

Тәрбиеленушілер мен оқушылардың музыкалық қабілеті мен көркемдік әр түрлі шығармашылық, тұлғалық іс – әрекетін заманауи әлеуметтік платформаларды тәжірибеде тиімді пайдалану сабақ үдерісін қызықты өткізуге тиімді тәсілдердің бірі болып саналады. Қазіргі қоғамдағы трендтегі әлеуметтік желінің түрлерін сабақпен тиімді ұштастыру және оның нәтижесіне қол жеткізу үшін – ұстаздардың шеберлігін, біліктілігін дамытады.

Ұстаздардың мақсаты: Кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі жетістіктерді анықтап, өзінің іс-тәжірибесін талдау және қорытындылау арқылы өзге педагогтардың тәжірибелеріне талдау жасай отырып, өзін-өзі жетілдірудің өзекті мәселелерін шешуде жаңаша ақпараттық трендтегі әдіс-тәсілдердің жүйесін енгізіп, жоспарлауды жүзеге асыруы және өзара тәжірибе алмасу құзыреттілігін дамыту.

Бүгінгі таңдағы ұстаздардың маңызды міндеттері:

- тәрбиеленушілер мен оқушылармен жүргізілетін музыкалық жұмыстарында үздіксіз креативтілігін дамытуға ынталандыру;

- мектепте балалармен заманауи платформалармен жұмыстарын жопарлау, музыка мұғалімінің іс-әрекетінің жүйесі мен бағыттарын айқындай білуі;

- орта білім беретін ұйымдарда интернет желісіндегі платформаларды балалармен ұжымдық шығармашылық іс технологияларын тиімді менгерту;

- педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, балалардың қызығушылығын арттыру, оқыту үдерісінде инновациялық технологияларын пайдалану, дарынды балалармен жұмысты менгеру;

- ата-аналармен және мектепке дейінгі ұйымдар мен орта мектептегі білім беру ұйымдарымен өзара байланысып, тәрбиеленушілер мен оқушыларға эстетикалық талғам қалыптастыру шығармашылыққа баулу.

Қазіргі цифрлы қоғамда ұстаздар қызметінде заманауи білім беру технологиялары және жаңа платформалар үлгілері мен әдістері енгізілді.

Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, XXI ғасырдың ең маңызды білімі, ең негізгі тақырыптарымыздың бірі. Цифрлік сауаттылық - бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашып отыр [4].

Online-платформалар дәстүрлі әдіс-тәсілдерге қарағанда көрнекі, қызығушылықты оятатын, білім алушыларға әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде таптырмас көмекші құрал болатын ресурстар.

Оларға: Random Group Generator платформасымен жұмыс және Zip Grade тест платформасы сонымен қатар мұғалімнің жұмысына кері байланыс беретін Padlet.com платформасы сонымен қатар балалардың білімдерін білу мақсатында Quizizz.com және қашықтықтан оқыту мен семинар конференцияларға және он-лайн байланысқа шығу мақсатындағы ZOOM платформалары тағы басқалары жатады.



Random Group Generator платформасымен жұмыста оқушыларды топқа бөлуде таптырмас платформа. Онда алдын ала оқушылардың аты-жөндерін платформада жазып алып, өзіңіз қалаған топқа топтастырып бөлуге болады.

Padlet.com платформасы - әр оқытушығы қол жетімді тақта. Тіркелудің қажеті жоқ. Padlet.com платформасы компьютердің жұмыс үстеліне ұқсайды. Экранның төменгі жағында + орналасқан, сол арқылы кез-келген уақытта сыныпта қолдануға болатын құралдары бар белгішелер. Мысалы, QR коды, сурет, мәтін, бағдаршам, таймер, маркер тақтасы және т. б.

Құрыл-жабдықтарын қолдана Padlet.com сілтемесі арқылы қосымшаға кіреміз. Осы платформа сабақ барысында оқушылардың сабақтан әсерлерін білу мақсатында үнемі қолданып отырамын Zip Grade тест платформасы да музыка мұғалімдеріне өте тиімді платформа. Себебі әр тарау бойынша білім алушылардың өткен тақырып бойынша білімдерін анықтау мақсатында алдын – ала сұрақтар жасақталып соңынан білім алушыларға таратылады сол бойынша платформа өзі жиналған балл көрсеткішін шығарып бере алады.

Оқыту үрдісінде цифрлық платформаларды қолдану сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық

мүмкіндіктерімен толықтыруға, білім алушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда студенттердің назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, пәнге деген қызығушылықтарымен және т. б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [5].

Өзіме осы платформалармен жұмыс істеу ұнайды және қазіргі қоғамдағы білім алушылардың қызығушылықтарын оятып білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандырады. Өзімнің жинақтаған педагогикалық жұмысымды облыстық семинарлар өткізіп шеберлік сабақтарымда әріптестеріме тәжірибемді бөлісіп келемін.

Ақпараттық технологияны тиімді пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады.

Мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшілері мен орта білім беру ұйымдарының музыка пәні мұғалімдері шеберлігін жоғарылату арқылы ақпараттық кеңістіктегі платформалармен жұмыс жасау әдістері жетіледі. Мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшілері мен орта білім беру ұйымдарының музыка пәні мұғалімдері жұмысына заманауи білім беру технологияларын және жаңа жұмыс үлгілері мен әдістерін енгізеді [6].

Интерактивті тақтада оқытушылармен жаңа материалды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор. Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады, ал егерде керекті материалдың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.



Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет. Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды.

Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасалуда. Заманауи мектептердің әр түрлі құрылғылар (компьютерлер, смартфондар, серверлер және т.б.) орнатып, интернет байланысы талшықты-оптикалық кабельдер, Wi-Fi, мобильді байланыс желілері (3G, 4G, 5G), спутник арқылы платформаларды пайдалану шәкірттердің функционалдық сауаттылығын арттыруда мүмкіндіктер береді.

Оқыту платформаларын музыка сабағында пайдалану көптеген артықшылықтарға ие.

Негізгі артықшылықтары:

1. Қолжетімділік және икемділік: Оқыту платформалары онлайн болуы мүмкін, бұл оқушыларға сабақтарды үйде, уақытқа тәуелді болмай оқуына

мүмкіндік береді. Оқушылар өздерінің ыңғайына сәйкес оқу материалдарын пайдалана алады.

2.Технологияның көмегімен үйрену: Платформалар оқушыларға музыка теориясын, аспаптар ойнауды және вокалдық дағдыларды дамытуға арналған түрлі интерактивті құралдарды ұсына алады. Бұл түрдегі жаттығулар оқушылардың қызығушылығын арттырып, тәжірибеде шығармашылық білім жинақтауға көмектеседі.

3.Мазмұнның әртүрлілігі: Оқыту платформаларында әр түрлі бейнемазмұндар, ноталар, аудиожазба және видео жаттығулар бар, бұл музыкалық білімнің түрлі аспектілерін меңгеруге мүмкіндік береді. Оқушылар визуалды және аудиовизуалды материалдармен жұмыс істей отырып, ақпаратты жеңіл игере алады.

4.Жеке оқыту мүмкіндігі: Оқыту платформалары оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқыту бағдарламасын ұсына алады. Мысалы, кейбір оқушылар белгілі бір аспапта жақсы ойнауды қаласа, ал басқалары музыкалық теориялық білімге көбірек көңіл бөлуі мүмкін.

5.Бақылау және кері байланыс: Мұғалімдер оқушылардың прогресін онлайн режимінде бақылап, қажетті кезде кеңес бере алады. Бұл оқушының даму жолын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

6.Коллаборация мен коммуникация: Оқыту платформаларында оқушылар арасында топтық жобалар жасауға сонымен бірге музыка композицияларын бірге құрастыруға мүмкіндік беретін құралдар бар. Бұл шығармашылық тұрғыдан ынталандырып, командалық жұмыс дағдыларын дамытады.

7.Интерактивті тапсырмалар мен бағалау: Оқыту платформалары оқушылардың түсіну деңгейін тексеру үшін интерактивті тапсырмалар мен тесттерді ұсына алады. Бұл әдіс оқу процесінің нәтижелі болуына зор әсер етеді.

8.Уақытты үнемдеу: Мұғалімдер музыкалық білім беруде көптеген уақытта үнемдеуге көмектесетін құралдар мен ресурстарды табады. Бұл әдіс оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауын ынталандырады.

Осы артықшылықтар заманауи платформаларды музыка сабағында қолдану сабақтың тиімділігін дамытады. Ұстазға жаңа технологияларды меңгеруге жол ашады.

Білім беру ұйымдарының музыка пәні мұғалімдерінің кәсіби қызметінің мақсаты – білім алушы тәрбиеленушілер мен оқушылардың музыкалық қабілеті мен көркемдік әр түрлі шығармашылық, тұлғалық іс – әрекетін заманауи әлеуметтік платформаларды тәжірибеде тиімді пайдаланып іске асыруын қалыптастыр, оның шығармашылық қабілетін арттыру мен ақпараттық желідегі платформаларды пайдалана отырып музыка сабағын қызықты өткізуі басты назарда.

Жас ұрпаққа эстетикалық білімді дамыту бағытында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білім алушы тұлғасын шығармашылық дамыту және оның қоғамда жан-жақты рухани дамуы үшін жағдай жасау музыка пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігінің жоғары болуымен, педагогтердің құзыреттілігін дамытып отыруына байланысты жүзеге асады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың IV Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі 14 наурыз 2025ж.

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» идеясы. 2024 жылдың 14 наурыз

3. ҚР Білім туралы Заңы. Соңғы өзгертулер 18.01.2021 ж.

4. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы 2017 ж.

5. «2022 жыл балалар жылы» аясында ұйымдастырылған «Әлем балалар көзімен» оқушылардың шығармашылық жинағы. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

6. Пәндерді кіріктіре оқытуда цифрлық технологияның

рөлі.  
Ш.Ж.Рахманкулов, Е.Досымов, А.Әмірбеков, К.Юлдашев